

Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай – бақшасының
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.

«Бастаңғы!»

(«Алтын сақа» тобының ұйымдастырылған мерекелік ертеңгілігі)



Тәрбиеші: Жамишова Г
Орысбаева А

Таушық 20.03.2025ж

Мақсаты: балаларды халқымыздың салт-дәстүрін қадірлей білуге тәрбиелеу.

Тәрбиеші: Балалар, бүгін наурыз мерекесі ерекше болмақ. -Балалар, бүгін мен сендерді бастаңғыға шақырамын. Бастаңғы деген не? Қазіргі ұмыт қалған дәстүріміздің бірі.Ертеде қыздар мен жігіттер әке-шешелері қыдырып кеткен кезде ауыл жастары жиналып, бастаңғы өткізеді екен. -Кәне балалар қандай өлең білесіңдер? -*Халық әні. «Дастархан»әнін айтайық.*

Тәрбиеші:Енді мен жұмбақ жасырайын, сіздер шешуін тауып көріңдер.

Дәмді – дәмді тағамдарды жинайды,

Қонақтарды көңілдене сыйлайды.

(Дастархан.)

Тәрбиеші:-Міне, мынау дастархан. Дастархан үстінде тұрған тағамдарға қараңдаршы, білесіңдер ме? -Кім атайды? -Дастарханда тұрған тағамдар ірімшік және балғаймақ. Енді жасалу жолдарын айтайықшы.

Ірімшік сүттен жасалады. Әуелі сүтті айран құйып ірітеді, сарғайғанша қайнатады. Ірімшік әзір болғаннан кейін ыдысқа салып алады.

Балғаймақ жаңа сауылған түйенің сүтінен секер қосып қоюланғанша қайнатып пісіреді. Дайын болған балғаймақты дөңгелек пішінге келтіреді.

Бауырсақ — [қазақтың](#) ұлттық тағамы. Бауырсақ – ұннан ашытып, әртүрлі үлгіде жасап, майға пісіреді. Қазақтың [той](#), [мереке дастарқанында](#) міндетті түрде бауырсақ болуға тиісті.

Қымыз – құрамында дәрумендер, майлар мен ақуыздарға бай ұлттық сусын. Бие сүтінен ашытылған тағам.

Шұбат - [түйеден](#) өндірілген бұл сусын [қазақ](#) аспаздығында кеңінен қолданылады; түйенің сүтін ашыту арқылы дайындалынатын сусын.

Қазы – жылқы етінен жасалатын шұжық. Ол қазақ, халықтарының дәстүрлі тағамы саналады. Қазы жасау үшін етті турамай, ішекке тұтастай салып дәмдеуіштер қосып дайындайды. Қазыны кескен кезде қара түсті жылқы еті мен май көрінеді. Қазы тығыз болады әрі өте ерекше дәмі бар.

Жарас: Асығың түссе алшыдан –

Несібе күт аңшыдан, демекші Нұралы, Әлинұр ортаға «Асық» биін билеп берейік.

Би: «Асық» биі

Ақбөбек: балалар біз әнді айттық, биде биледік, енді «Тақия тастамақ» ойынын ойнасақ қалай?

Ойын: «*Тақия тастамақ*» Шеңберді айнала бастадым, тақияны бір баланың артына тастадым. Нұрхан, Аршат, Ханшайым, Ақбөбек, Досхан, Шапағат.

Асылтас: балалар кім күшті , кім мықты деп ойлайсындар?

Балалар: мен мықтымын, менің күшім көп, мен күштімін.

Гауһартас: сендерді күштеріңді , мықты екендеріңді қой көбірек көтереді, содан білеміз.

Ойын: « *Өгіз тартыс*»

– Балалар, бүгін бізде мерекеді «Айтыс» өнерін тамашалаймыз, алдымен жаңылтпашпен мақал айтуға жол берсек қайтеді.



22 наурыз
күткөн өлсөн



Наурыз



Ғылым мен үлө күні
НАУРЫЗ

